

Құрметті оқушылар мен педагогтер!

«Темірқазық» STEAM-журналының редакциясы сіздерді заманауи білім берудің ең перспективалы бағыттарының бірі аясында өз ғылыми-әдістемелік және шығармашылық жұмыстарыңызды ұсынуға, журнал авторы болуға шақырады.

STEAM дегеніміз не?

STEAM (Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics) — жаратылыстану ғылымдарын, технологияларды, инженерлік ойлауды, өнер мен математиканы біріктіретін пәнаралық тәсіл. Бұл тәсілдің негізгі мақсаты — білім алушыларда ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыру: креативтілік, сыни ойлау, нақты өмірлік мәселелерді шешу қабілеті, топта жұмыс істеу және алған білімді практикалық жобаларда қолдану.

«Темірқазық» журналының мақсаты — тәжірибе алмасу арқылы білім алушылар мен педагогтердің күш-жігерін STEAM тәсілін дамытуға біріктіру.

STEAM БАҒЫТЫНДАҒЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «ТЕМІРҚАЗЫҚ» ЖУРНАЛЫНА ЖАРИЯЛАУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН МАТЕРИАЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Жалпы талаптар мен шарттар

1.1. Редакция материалдарды (мақалалардың қолжазбалары мен ілеспе құжаттарды) **remcselab2025@gmail.com** электрондық поштасы арқылы қабылдайды.

1.2. Ұсынылатын материалдар журналдың келесі айдарларының біріне сәйкес болуы тиіс:

- **Оқушылардың STEAM жобалары.** Бұл айдарда оқушылар өздерінің ғылыми-зерттеу және қолданбалы жобаларын іске асыру тәжірибесімен бөліседі;
- **Білім алушылардың инновациялық тәжірибесі.** Бұл айдарда білім алушылар STEAM саласындағы білімдері мен инновациялық тәжірибесін ұсынады;
- **Педагогтердің зерттеулері.** Бұл айдарда педагогтер өздерінің зерттеу қызметін (Lesson Study, Action Research және зерттеудің өзге де түрлері) сипаттайды;
- **Жобалар мен іс-шаралар.** Бұл айдарда қосымша білім беру және STEAM саласында өткізілген жобалар мен іс-шараларға (байқаулар, хакатондар, конференциялар, біліктілікті арттыру курстары және т.б.) жан-жақты сипаттама мен талдау беріледі;

- **Педагогикалық тәжірибе.** Бұл айдарда педагогтер кәсіби қызығушылықтары аясындағы өз педагогикалық тәжірибесімен (әдістемелік ұсынымдар) егжей-тегжейлі сипаттама және талдау арқылы бөліседі.

1.3. Материалдар **қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінің бірінде** ұсынылуы мүмкін.

1.4. Материалдар электрондық форматта (**RAR архиві**) төмендегі жинақпен ұсынылады:

- **1-файл** – мақала қолжазбасы **WORD** форматында;
- **2-файл** – авторлар туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты толық, туған күні, жұмыс/оқу орны, байланыс телефоны, e-mail, ORCID) **1-қосымшаға** сәйкес **WORD** форматында;
- **3-файл** – сапалы фотосуреттер, сызбалар **JPEG** форматында. Әрбір фотосурет, сызба, сурет мәтіндегі орналасу ретіне сәйкес атаулы түрде белгіленіп, нөмірленуі тиіс.

1.5. Қолжазбалар мен ақпарат тасымалдағыштар авторларға қайтарылмайды, қаламақы төленбейді.

1.6. Редакция белгіленген талаптарға сәйкес материал бойынша қосымша ақпарат сұратуға, материалды қайта өңдеуге қайтаруға және журналға материалдарды іріктеу құқығын өзіне қалдырады.

1.7. Баспасөзге дейінгі дайындық барысында қолжазба редактор мен корректор тарапынан өңделеді. Осы кезеңде дәлсіздіктерді, қателерді, баспа қателерін және өзге де кемшіліктерді жою мақсатында редактор/корректор автор(лар)мен көрсетілген байланыс телефондары мен электрондық пошта арқылы хабарласады. Авторлар байланыс деректерінің дұрыстығына жауапты.

1.8. Авторларға материалдың жариялауға қабылданғаны немесе негіздемесі көрсетіле отырып қабылданбағаны туралы хабарлама бұрын көрсетілген электрондық поштаға жіберіледі.

1.9. Қажет болған жағдайда авторлар ұсынылған реквизиттерге сәйкес жарнаны төлейді және авторлардың аты-жөні көрсетілген түбіртек-чекті **remselab2025@gmail.com** электрондық поштасына жолдайды.

1.10. Чек (түбіртек) және қолжазбаның екінші корректурасы алынғаннан кейін материал нөмірге енгізіліп, баспаға қол қойылады. Қолжазба/нөмір баспаға қол қойылғаннан кейін авторлық түзетулер енгізуге жол берілмейді.

1.11. Жарна мөлшері:

- **оқушылар үшін – тегін;**

- **педагогтер үшін – 10 000 (он мың) теңге**, белгіленген талаптарға сәйкес **A4 форматындағы баспа мәтінінің 5 беті үшін.**

Барлық талаптарға толық сәйкес келетін және редакциялық өңдеуді қажет етпейтін мақалаларға **5 000 (бес мың) теңге мөлшерінде жеңілдік** қарастырылады.

Редакциялық алқа шешімімен ерекше құнды материалдар **тегін жарияланады** және «**журналдың редакциялық алқасы ұсынған**» деген белгімен айқындалады.

Белгіленген көлемнен асқан жағдайда әрбір қосымша бет үшін **2 000 (екі мың) теңге** мөлшерінде төлем алынады.

2. Қолжазба файлына қойылатын талаптар

2.1.

Барлық материалдар төмендегі талаптарға сәйкес болуы тиіс: Мәтін көлемі – суреттерді, кестелерді, фотосуреттерді қоса алғанда 5 беттен аспауы тиіс.

Бет форматы – A4, барлық өрістер – 25 мм. Абзацтық шегініс – 1,25 мм, жоларалық интервал – бірлік. Қаріп – Times New Roman, кегль – 14.

Суреттер, фотосуреттер, диаграммалар мәтінде алғаш аталу ретіне сәйкес төменгі жағынан 12 кегльмен сипаттамасы көрсетіле отырып белгіленуі тиіс (мысалы: Сурет 1 ...), мәтінге үйлесімді енгізілуі қажет. Белсенді қызметті көрсететін фотосуреттер құпталады. Кестелер жоғары жағынан 12 кегльмен сипаттамасы көрсетіле отырып белгіленеді (мысалы: Кесте 1 ...), мәтінде алғаш аталу ретіне сәйкес нөмірленуі тиіс.

2.2. Қолжазбаның құрылымы:

- автордың фотосуреті (JPEG форматы);
- автордың аты-жөні, жұмыс немесе оқу орны көрсетіле отырып (қаріп өлшемі 12, курсив, мәтін сол жаққа тураланған);
- ғылыми жетекшінің аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы (қажет болған жағдайда);
- қолжазбаның атауы;
- журналдың бөлімі, ішкі бөлімі (оқушылар жұмыстары үшін);

- қолжазба тілінде және ағылшын тілінде аннотация (абстракт) (қаріп өлшемі 12, курсив, мәтін ені бойынша тураланған);
- түйін сөздер (қаріп өлшемі 12, курсив, мәтін ені бойынша тураланған);
- қолжазба мәтіні (қаріп өлшемі 14, мәтін ені бойынша тураланған);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі, мәтін ішінде дереккөздерге сілтемелер шаршы жақшамен беріледі және мәтінде алғаш аталу ретіне сәйкес көрсетіледі (автордың тегі мен аты-жөнінің бас әріптері; мақаланың және журналдың атауы (журнал мақалалары үшін); журналдың немесе кітаптың атауы; басылған орны мен баспасы (кітаптар үшін); шыққан жылы, нөмірі, беттері);
- фотосуреттер мәтін ішінде орналастырылып, қосымша түрде JPEG форматында жеке жіберілуі тиіс.

2.3. Қолжазбаның негізгі мәтінінің құрылымы журналдың таңдалған бөліміне байланысты өзгеріп отырады:

- Оқушылардың STEAM жобалары. Жобаның мақсаттары мен міндеттерін, зерттеу әдістерін және өзектілігін негіздейтін кіріспе; әдебиеттерге қысқаша шолу; зерттеу әдістері, жұмыс нәтижелері және оларды талқылау, иллюстративтік материалдармен (сызбалар, графиктер, фотосуреттер, суреттер) қамтылған зерттеу бөлімі; қорытынды.
- Оқушылардың инновациялық тәжірибесі. Тәжірибенің өзектілігін негіздеу; көрсетілген тәжірибе бойынша қысқаша әдеби шолу; тәжірибені сипаттау; тәжірибенің оң тұстарын және кездескен қиындықтарды талдау; тәжірибені қолдану бойынша ұсынымдар.
- Педагогтердің зерттеулері. Зерттеу мәселесінің өзектілігін, мақсаттары мен міндеттерін (қажет болған жағдайда) негіздейтін кіріспе; зерттеу контексті; әдіснама; нәтижелерді графиктер, диаграммалар және деректерді бейнелеудің өзге де тәсілдерін қолдана отырып талқылау; қорытындылар.
- Жобалар мен іс-шаралар. Жоба немесе іс-шараның өзектілігін, мақсаттары мен міндеттерін (қажет болған жағдайда) және ұқсас жобаларға/іс-шараларға қысқаша талдауды қамтитын кіріспе; қатысушылар контингентін, өткізу ережелерін, іс-шараның құрылымын және жобаның/іс-шараның мазмұнын түсінуге қажетті өзге де мәліметтерді көрсете отырып жобаны/іс-шараны сипаттау; жобаға/іс-шараға сандық деректерді қоса отырып, табысты

шешімдер мен жетілдіруді қажет ететін тұстарды талдау; қорытындылар мен ұсынымдар.

- Педагогикалық тәжірибе.
Тәжірибенің өзектілігін негіздейтін кіріспе; тәжірибені жан-жақты сипаттау; тәжірибені практикаға енгізу бойынша нақты және дәлелді деректерге сүйене отырып талдау, табысты шешімдер мен жетілдіруді қажет ететін тұстарды көрсету; ұсынымдар.

3. Электрондық нұсқаға қойылатын талаптар

3.1. Электрондық нұсқа электрондық пошта арқылы жіберілетін архив түрінде ұсынылуы мүмкін.

3.2. Білім алушылардың, әріптестердің бейнелері бар фотосуреттерді жолдау кезінде авторлар жариялауға келісім алынғанын растайды. Ұсынылған деректердің дұрыстығы үшін жұмыс авторлары жауапты болып табылады.